

Қызылегіс ауылының, Ортағаш ауылының, Қарашілік ауылының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Қызылегіс селолық округі әкімінің 2009 жылғы 17 тамыздағы № 5 шешімі. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 18 қыркүйекте № 1-14-117 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селосы" сөздері "ауылының", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды – Ақмола облысы Зеренді ауданы Қызылегіс ауылдық округі әкімінің 04.05.2017 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Қызылегіс ауылы, Ортағаш ауылы, Қарашілік ауылы халқының пікірін ескере отырып, Қызылегіс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақмола облысы Зеренді ауданы Қызылегіс ауылдық округі әкімінің 04.05.2017 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қызылегіс ауылы, Ортағаш ауылы, Қарашілік ауылының көшелеріне атаулар берілсін:

1) Қызылегіс ауылы:

№ 1 көшеге – Абай Құнанбаев атауы;

№ 2 көшеге – Ақан сері атауы;

№ 3 көшеге – Орталық атауы;

№ 4 көшеге – Кенесары Қасымов атауы;

№ 5 көшеге – Шоқан Уәлиханов атауы;

№ 6 көшеге – Мәншүк Мәметова атауы;

2) Ортағаш ауылы:

№ 1 көшеге – Ардагерлер атауы;

№ 2 көшеге – Мәлік Ғабдуллин атауы;

№ 3 көшеге – Мектеп атауы;

3) Қарашілік ауылы:

№ 1 көшеге – Абылай хан атауы;

№ 2 көшеге – Болашақ атауы;

№ 3 көшеге – Жайлау атауы;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Т.Ахметбеков

КЕЛІСІЛДІ:

Зеренді ауданының

"Сәулет және

қала құрылысы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

В.М.Петрова

Зеренді ауданының

"Мәдениет және

тілдерді дамыту бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Ә.М.Райымбекова